

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы № 1106 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 346 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1185 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Отандық өндірушілерден ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуды, сондай-ақ оны сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы № 1106 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 43, 512-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында және 1-тармақта:

«өнімін» деген сөзден кейін «және оның терең қайта өңдеу өнімдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

«оны» деген сөз «оларды» деген сөзбен ауыстырылсын;
көрсетілген қаулымен бекітілген Отандық өндірушілерден ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуды, сондай-ақ оны сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесінде:

тақырыбында:

«өнімін» деген сөзден кейін «және оның терең қайта өңдеу өнімдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

«оны» деген сөз «оларды» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*